

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
“Павлодар қаласының № 9 сәбилер бақшасы” КМҚК
“Құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау” мемлекеттік қызмет
көрсету туралы
анықтама**

“Павлодар қаласының № 9 сәбилер бақшасы” КМҚК “Құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау” мемлекеттік қызмет көрсетуге жүргізілген талдау барысында құжаттарды зерделеу нәтижесінде төмендегідей қортындылар жасалды:

1. № 9 сәбилер бақшасында мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары орналастырылған ақпараттық стенд бар, онда қызмет алушы қызмет көрсетушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжат тізбесі көрсетілген.

2. Контингентті есепке алу тәрбиешілермен күн сайын қатысу табелі арқылы жүргізіледі. Мәліметтер уақытылы енгізіледі, себебі табель ата-аналар төлеуге тиіс соммаларды есептеу үшін негізгі құжаттардың бірі болып табылады. Барлық табельдер тігілген және нөмірленген, түзетулер жоқ. Барлық жас топтарында балалардың ата-анасының өтініші бойынша айына 3 (үш) жұмыс күнінен артық себепсіз келмеуіне жол берілмейді.

Қазіргі уақытта “INDIGO” автоматтандырылған жүйесінде 10 бос орын жарияланған:

Ересек “А” тобы - 4 орын

Ересек “Ә” тобы - 1 орын

Мектепалды “А” тобы - 4 орын

Мектепалды “Ә” тобы - 1 орын

НОБД контингенті мен “INDIGO” автоматтандырылған жүйесінде сәйкессіздіктер анықталған жоқ.

Барлық топ	Тізімдік	Әр топта орта есеппен	Мемлекеттік тапсырыс	Мемлекетті к тапсырысты орындамау	Топтардағы бос орын	Ескерту
6	130	22	140	10	10	

Балабақшада мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы

Балабақшада мемлекеттік қызметті жүргізуге жауапты тұлға басшысының бұйрығымен бекітілген.

Құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау жыл бойы бос орындар болған жағдайда жүзеге асырылады. Балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар.

Алгоритмнің 9-қосымшасында көрсетілген.

Жаңа оқу жылында мектепке дейінгі ұйымға қабылдаудың негізі - мамыр айынан бастап кезектеп берілген және қызмет алушымен расталған ваучер немесе

баланы басқа мектепке дейінгі ұйымнан шығарғаннан кейін жаңа ұйымға қабылдау үшін пайдаланылатын қолданыстағы ваучер болып табылады. Баланы мектепке дейінгі ұйымға таңдау және қабылдау мерзімі - 5 (бес) жұмыс күні. Ақпараттандыру объектісі қызмет алушының өтінішін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымның қызмет көрсетушісіне қарауға жолдайды.

Қызмет алушы барлық құжаттарды жинап, өз тарапынан электрондық шартқа қол қойғаннан кейін оларды портал немесе ақпараттандыру объектілері арқылы қабылдау үшін ұсынады

Ақпараттандыру объектісі арқылы келіп түскен күні оларды тіркеуді 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады және ұсынылаған құжаттардың Алгоритмнің 9-қосымшасының 8-тармағына сәйкестігін тексереді.

Барлық балаларға баланың денсаулық паспорты және шарт жасалған күнге дейінгі үш күнтізбелік күннен кешіктірілмей берілген баланың денсаулық жағдайы туралы анықтамалары бар. Тәрбиеленушілердің жеке істерінде қызмет алушылардың артық құжаттары (туу туралы куәліктің, ата-анасының немесе заңды өкілінің жеке куәлігінің көшірмелері) сақталмайды.

Баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау балабақша мен баланың заңды өкілі арасында жасалған электрондық шарт негізінде жүзеге асырылады немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.

Шарттардың мазмұны ҚР БҒМ*нің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығының 1-қосымшасына (15.04.2020 ж. және 08.08.2023ж. өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес келеді.

Балабақшадағы балалар контингентінің қозғалысын бақылау үшін қозғалыс кітабы жүргізіледі, онда бала туралы мәліметтер уақытылы енгізіледі (келу, кету).

Жас топтары бір күнтізбелік жылы туылған балалардан жинақталады. 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап жас топтары оқу жылының күнтізбелік жылы толық жасқа толған балалардың жасын ескере отырып калыптастырылады.

Баланы балабақшаға қабылдау кезінде басшы қабылдайтын құқықтық актілердің бірі - баланы балабақшаға қабылау туралы бұйрық болып табылады. Балаларды қабылдау және шығару әр балаға жеке жүргізіледі, балаларды шығару туралы бұйрықтардың күні мен табельдегі қатысу күні сәйкес келеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері өндірістік және әкімшілік кеңестерде, бесминуттық жиналыстарда қаралады. Жыл соңында жұмыс нәтижелері балабақшаның жылдық талдамалық есебіне кіреді.

Басшы



А.К.Каримжанова